



Канапиянова Кымбат Даутбековна 03.12.1978ж ШҚО, Марқакөл ауданы, Боран ауылында дүниеге келген. Қазіргі мекен-жайы Өскемен қаласы, Өтепов көшесі, №34 үй. Отбасының жағдайы: тұрмыста, үш бала тәрбиелеуде.

Жоғары білімді, 1996-2001ж ШҚМУ «Педагогика және бастауыш мектепте оқытудың әдістемесі» қосымша мамандықпен «Психология» түсіп, 2004-2006 ж. С.Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университеті «Психология» бакалавры үздік дипломымен толықтырды. Ал, 2007-2008ж. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ магистратураға оқуға түсіп, мемлекеттік аттестаттау комиссиясының шешімімен 6N0503-«Психология» мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесі беріліп, үздік дипломмен аяқтады. 2020 жылы 5B010500-«Дефектология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесіне иеленді. Еңбек тәжірибесін 2001-2002 ж.ылдары №1 Өскемен қалалық қазақ орта мектебінде «мектеп психологы» қызметін атқарумен бастаған. 2002 жылдан бастап Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Психология және коррекциялық педагогика» кафедрасының сениор-лектор, психология магистрі лауазымында қызмет атқарып келеді. Өз біліктілігі мен білімін жан-жақты көрсетіп және жаңа мүмкіншіліктерге қол жеткізуге ат салысып жүрген маман ретінде танылды.

Университет қабырғасында 20 жыл үздіксіз оқытушылық қызмет атқарып жатыр.

Педагогикалық және ғылыми тағылымдардан өтуі: соңғы 3 жылдың көлемінде ғылыми дамыту орталықтарда, Қазақстан қайта даяралу және біліктілікті арттыру орталықтарында Республикалық семинарларға қатысып, курстарды оқып біліктіліктерін жетілдіруде. Сонымен қатар, облыстық-әдістемелік семинарларды ұйымдастырушы ретінде сертификаттарға иеленген.

1. 2019ж «Логопедическая работа по формированию произношения, лексики и фразовой речи неговорящих детей на начальных этапах коррекционного обучения» 2019 жыл (72 сағ);
2. «Настройка системы внутреннего обеспечения качества в высших учебных заведениях» 2022 жыл (72 сағ);
3. «Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования» 2022 жыл. т.с.с.

«Психология», «Инклюзивті білім беру» пәндерінен жалпы университеттік педагогикалық білім бағдарламалары бойынша студенттерге сапалы білім беруде.

Канапиянова Кымбат Даутбековна Республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, баспасөз беттеріне соңғы үш жылда 50-ден астам ғылыми мақалалары жарық көрген. Психологиялық-педагогикалық саладағы студенттердің өзіндік жұмыс және оқу үрдісі барысында тәжірибелік дайындықтарын жетілдіруге көмектесетін, практик-психологтерге, арнайы педагог және білім беру жүйесінің әр сатысында қызмет атқарып жүрген педагог-психолог мамандарға арналған «Коррекциялық педагогика», «Психологиялық-педагогикалық практикум», «Психотехнология: Арт-терапияға кіріспе» атты оқу-әдістемелік құралдарын басылымға дайындап шығарды.

К.Д. Канапиянова келесідей пәндерден сабақ береді: Дефектология негіздер, Инклюзивті білім беру, Индивидуалды және топтық психотерапия, Дифференциалды психодиагностика тб.

Кымбат Даутбековна студенттердің де ғылыми-зерттеу жұмысын белсенді ұйымдастыруда, атап айтқанда халықаралық, республикалық ғылыми конференциялар мен олимпиядаларға қатысуға, шетелдік, республикалық ғылыми басылымдарға мақалалар беруде жетекшілік етіп отырады. «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығы Республикалық студенттердің ғылыми жұмыстар сайысында шәкірттері жоғары жетістікке қол жеткізіп, жүлдегер атанғаны үшін дипломмен марапатталған. Нөлден басқа журналдардағы мақалалар импакт-фактор: 1. Халықаралық конференциялар жинақтарындағы мақалалар 9. Scopus 1. 5B030500 «Психология», 5B010500 «Дефектология» мамандығы студенттерінің практикалық жұмыстарын, тәрбиелік іс-шараларды тиімді ұйымдастырып, болашақ мамандардың бойына қажетті құзіреттілітер мен қасиеттерін дамытуда еңбек етуде.

Сонымен қатар, кафедраның қоғамдық жұмыстарына белсене араласып жыл сайын өткізіліп отыратын халықаралық логопед және психолог күні, 1 сәуір халықаралық аутисттар жайлы ақпарат тарату атты күнге арналған шараларды ұйымдастырып, өткізуге атсалысады.

Кымбат Даутбековна өзіне тән коммуникативтік және ұйымдастырушылық деңгейдегі үйлесімді қасиеттері бар. Ол талап қойғыш оған қоса мейірбан, жауапкершілігі мол оқытушы.